



Шетелдіктер ескерткішке көркемтуынды ретінде қарайды. Көрсен көзің тойды һәм үлкен ойға жетелейді. Ерекшелігі сондай көптеген турист сол мінсіз мүсінге махаббатпен қарап, қыруар қаржысын құйып, тамашалау үшін барады. Ал біздігілер ше... Биыл өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы қазақ қоғамында қатты бедең алып бара жатқан жағымсыз тенденцияларға қатысты пікірін білдіргенде дәл осы мәселені де назардан тыс қалдырмады.

«ЕСКЕРТКІШТЕР ЕЛІ»

НЕМЕСЕ ТАСТҰҒЫРДАҒЫ ТҮЙТКІЛ



– Әрбір қазақ ата-бабасын құрметтейді, рухына тағым етеді. Сондықтан шежіре біздің мәдени кодымыздың ажырамас

бөлігіне айналған. Бірақ біз тек қана осы түсінікпен шектеліп қалмауымыз қажет. Ең бастысы, бұл мәселені ешқашан саясатпен араластыруға болмайды.

Соңғы кезде ата-бабасының жерлесінің есімін ұлықтауды сұрап, ұжымдық хат жазу әдетке айналып барады. Атасына ескерткіш қоюды, көшеге атын беруді өтінетіндер көбейді. Бұл – жағымсыз жағдай. Мұндай ұстанымдар еліміздің біртұтас идеологиялық кеңістігіне зиян келтіреді. Ұрпақ тәрбиесіне кесірін тигізеді. Тіпті шетелде бізді көне заманға және кеңестік кезеңге қатысты монументтер қаптаған «Ескерткіштер елі» деп айтатын болды.

Ономастика саласында белгілі тарихи тұлғалармен қатар, жалпыұлттық құндылықтар да назардан тыс қалмауға тиіс. Тәуелсіздік, Республика, Бірлік сияқты мемлекеттілігіміздің басты тұғыры саналатын негізгі ұғымдарға баса мән беру керек. Елдігімізді сақтаймыз, мықты мемлекет боламыз десек, осының бәрін естен шығармаған абзал, – дейді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.



Тіршілігі түлеген ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕ

Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуында бірқатар көрсеткіштер бойынша оң тенденция анық байқалады. Теңізді өлкеде инвестиция тарту, индустрияландыру жұмыстары жүйелі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев хабарлап, жыл басынан бері атқарылған жұмыстарды баяндады.

Инвестицияның көлемі артты

Аудандағы ахуалды бағамдау үшін статистикаға көз салатынымыз белгілі. Бұл орайда жыл басынан бері ауданға 4,1 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылып, өсім 16,4 пайызды құрады. Оның ішінде 1,5 млрд теңгесі ауылдық жерлерге, қалған 2,6 млрд теңгесі Арал қаласына тиесілі.

Ал ауданның осы жылғы бюджеті 15,2 млрд теңгемен бекітіліп, өткен жылмен салыстырғанда 105,3 пайызға артқан.

Мектеп бітіру кеші: ДУМАН БА, ДАҢҒАЗА МА?

25-мамыр – 11-сынып оқушылары үшін өте ерекше күн. Бұл күні түлектер ең сәнді деген киімін киіп, ең жақсы мейрамханаға барады, әлемі көліктер жалдап, қаланың көрікті жерлеріне саяхат жасайды. Білім ордасынан түлеп ұшқандар арасында кішігірім той болады. Бітіру кешінің мәні де осында. Олар – 11 жыл бойы өткізген кезеңді еске алып, алып-ұшқан ең қызық сәттерімен бөліседі. Жана өмірге жаңа деммен қадам басып, мектеп жылдарының еншісінде қалған қайтарылмас балалық шақты тек сағынышпен еске алады.

Дегенмен бір күндік кеш ата-ананы да, білім беру саласының өкілдерін де алаңдатып қоятын жасырын емес.

Бұл кешті ұйымдастыру – ата-ананың қалтасына салмақ түсіреді. Сондай-ақ көптеген тойдың соңы орны толмас қайғыға әкеліп, қылмыстық іс-әрекеттердің де болып жатқанын ел болып естіп келеміз. Мақалада осы тақырыпты талдап көрдік.

ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ: БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Міне, оқу жылы да аяқталып, балалар мен жасөспірімдердің асыға күтетін жаз мезгілі жақындады. «Демалыс» деген дәрдай аты болмаса, алаңсыз ойнайтын 3 ай уақыт лезде өтеді. Сондықтан бұл кезеңді пайдалы әрі тиімді өткізген дұрыс. Бірі баласын ауылға жіберсе, кей ата-ана жаздық лагерьге жүгінеді.

Браунси аралында басталды

Ашық дереккөздерге сүйенсек, балаларға арналған алғашқы лагерь Роберт Баден-Пауэллдің бастамасымен 1908 жылы Браунси аралында өткен. Бірінші демалыс орнының күн тәртібіне сәйкес қатысушылар

жаттығу жасап, спорттық жарыстарға қатысқан. Демалыс бағдарламасында суга түсу, тамақтану және от жағу да қарастырылған екен. Роберттің скауттар қозғалысының негізін қалаушы екенін де атап өтейік.



ЖУРНАЛИСТИКА – МӘНІ ТЕРЕҢ МАМАНДЫҚ



Бұл – өткен аптада Қызылорда қаласындағы жас ақындар жырға қосқан тақырып. Оқушылар ақпарат саласының маңызды өз ойларын өлеңмен жеткізді.

Биыл – ел тарихының ғасырға жуық куәсі болған облыстық «Сыр бойы» газетіне 95 жыл болса, қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көріп келе жатқанына 30 жыл толып отыр.

Қос басылымның мерейтойына орай республикалық «Ақмешіт жастары» газеті мүшайра өткізу туралы бастама көтеріп, жыр додасы «Сыр медиа» ЖШС-ның ұйымдастыруымен Студенттер сарайында өтті.

Бүгінде блогер мен журналисті ажырата алмайтындардың көп екені рас. Ақпараттың анық-қанығын біліп, саралап, зерттеп қана оқырманға ұсынатын тілшінің жөні бір

бөлек, тексерілмеген «шала» ақпаратпен жұртты шулатып «блогер» болу тіпті басқа. Сондықтан жас ақындар журналистиканың маңызына тоқталып, ойы жүйрік, көзі қырағы, сын сағатта қауіп-қатер, күн мен түнге қарамай елмен бірге болатын тілшілердің еңбегін жырға қосты.

Жиынның ашылу салтанатында Қазақстан Журналистер одағының өңірдегі филиал төрағасы, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов басылымның тарихы туралы сөз қозғап, бұл байқау жас таланттардың көпке танылуына ықпал ететінін атап өтті.

Тіршілігі түлеген теңізді өлке

Басы 1-бетте

Аралда өндірілетін өнімдерге сұраныстың жоғары екені белгілі. Жыл басынан бері өнеркәсіп орындары 9,1 млрд теңгенің өнімін өндіріп, өсім 17,4%-ға жетті. Атап айтсақ, 148,1 мың тонна тұз, 49,4 мың текше метр табиғи құм қазылып, 84,8 мың тонна йодталған тұз, 1494 тонна балық және балық өнімдері өндірілген.

Жалпы аудан көлемінде 2024-2028 жылдар аралығында Бірыңғай индустрияландыру картасы, Жалпыұлттық жобалар пулы және ондеу өнеркәсібі жобаларының пулында іске асырылуы жоспарланған құны 174,8 млрд теңгені құрайтын 13 инвестициялық жоба бар.

Биыл Өңірлік үйлестіру кеңесіне инвестициялық жобалар тізіміне қосымша 3,4 млрд теңге болатын 3 жоба ұсынылды, – деді Аманжол Оңғарбаев.

Бұл 3 жоба биыл іске қосылмақ. Олар – «Самел-Про» шаруа қожалығының заманауи су сақтау технологияларын пайдалана отырып жоғары калориялық жоншыққа өсіру жобасы, «Арал Проф Н» ЖШС-ның темірден дайын өнімдерді өндіру жобасы және «Аманжол Жұбаныш» дара көсіпкерлігінің ығал майлықтар өндіру шеһы.

Сонымен қатар Арал қаласының солтүстік-шығыс бетінде орналасқан индустриялық аймақтағы жер телімдері толықтай игеріліп, қосымша 10 гектар жер табысталды. Оның жалпы көлемі 16 гектарды құрайды.

Көсіпкерлік саласы бойынша да көрсеткіш он. Шағын және орта көсіпкерлік субъектілерінің саны 5204 бірлікті құрайды, оның 95,7%-ы тұрақты жұмыс жасап тұр.

Жыл басынан бері мемлекеттік қолдау нәтижесінде ауданда несиелендіру бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен жалпы қаржы институттары арқылы 954,3 млн теңгенің 35 жобасы несиелендірілді.

Туризм саласына инвестиция тарту бағытында ауданда құны 2,4 млрд теңгені құрайтын 3 мейрамхана, 1 қонақ үй және «Арал» қонақ үйі жанынан бассейні, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жол бойы қызметі мен Метангаз құю бекетінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде, – деді аудан әкімі.

Төрт түлік саны 30 мыңға өсті

2021 жылы агроөнеркәсіп кешенін дамыту мақсатында 2022-2024 жылдарға арналған «Ауыл шаруашылығы саласын дамытудың Жол картасы» қабылданды. Жол картасы мал, егін, балық шаруашылығы бағытында іске асырылуда.

Бекітілген Жол картасы аясында 30 жобаны жүзеге асыру жоспарланса, бүгінде 24 жоба іске қосылып, 99 адам тұрақты және маусымдық жұмыспен қамтылды.

Атап өту керек, биыл Жол картасына өзгерістер енгізіліп, қосымша 12 жоба қосылды.

Мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Ауданда кейінгі үш жылда төрт түлік мал 30 мыңнан астам басқа өскен.

Сексеуіл кенті көгілдір отынға қосылады

Қазір ауданда Арал қаласы мен Жаксыкылыш кентінің тұрғындары табиғи газдың игілігін көруде. Биыл Сексеуіл кенті көгілдір отынға қосылмақ. Құны 3,5 млрд теңгені құрайтын жоба жыл соңына дейін пайдалануға



берілетін болады. Бұған қоса алдағы уақытта Шижаға елді мекені де табиғи газбен қамту жоспарланған.

Құрылыс жұмыстарына тоқталсақ, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Арал қаласындағы №4, №5 және №6 шағын аудандарда газ желілерінің құрылыстары, №1 шағын ауданында электр желісінің құрылысы жүргізілуде.

Алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Аманжолкеңде 150 орындық ауылдық клуб, Шижағада заманауи спорт кешенінің құрылысы жүріп, Шижаға елді мекені мен Арал қаласында 0,4 және 10кВа әуе желілері жүргізілетін болады.

Сондай-ақ биылғы бас-ты жаңалықтың бірі – Арал қаласында көріз желісінің құрылысы жүргізілді.

Өткен жылғы дәстүрмен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан пәтер сатып алу жұмыстарына 228,8 млн теңге қаржы қаралған. Сонымен қатар қаладағы көпқабатты 6 тұрғын үй жөндеуден өтеді.

Айта кететін тағы бір жағымды жаңалық аудандық бюджет есебінен Қамыстыбас және Қосжар елді мекендерінде әкімдік ғимараты салынууда. Жақын арада пайдалануға берілетін болады.

Ауыз су мәселесі шешілуде

Елді мекендерді орталықтандырылған ауыз сумен қамту жұмыстары жалғасуда. Аудан әкімі Ақбасты елді мекенін ауыз сумен қамту жобасы пайдалануға берілетінін, сонымен қатар Тоқабай, Абай елді мекендерін сумен қамтамасыз ету жобасы жалғасатынын атап өтті.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды фактордың бірден

арыстан би» автожолдарын орташа жөндеу жұмыстары басталатын болса, өткен жылы басталған «Самара-Шымкент-Бекбауыл», «Аққұлақ елді мекеніне кіре беріс», «Қызылжар-Шөмішкөл», «Самара-Шымкент-Қамыстыбас-Аманжолкең-Жаңақұрылыс» автожолдарының құрылысы, «Қаратерек-Жаңақұрылыс», «Қызылжар елді мекеніне кіре беріс» автожолдарын орташа жөндеу жұмыстары жалғасын табууда. Хан елді мекені тұсындағы қалқымалы көпірді ел игілігіне беру көзделуде.

Бұдан бөлек, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы ұзындығы 5 шақырымды құрайтын Жаксыкылыш кентіндегі 12 көшенің автожолына құрылыс жұмыстары жүргізілуде, – деді аудан әкімі.

Көпір іске қосылмақ

Сондай-ақ аудан халқы көптен күткен Арал қаласындағы темір жолдың үстінен өтетін көпір құрылысы биыл толықтай аяқталады.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ауданда 4 бірдей 300 орындық білім ордасы бой көтеретін болса, оның ішінде, Арал қаласындағы «Арай» ықшама ауданынан және Сексеуіл кентінен салынып жатқан білім ордaları биылғы оқу жылында пайдалануға берілетін.

Ақшатау мектебінің құрылысы жүргізілуде

Ауданда жыл басынан бері 2 жеке балабақша пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін 1 балабақшаны балалар игілігіне табыстау көзделуде.

Ел Президентінің 2025 жылға дейін 3 ауысымдық және апаттық жағдайдағы

жұмыстары жүруде. Жақын күндері Ақшатау мектебінің құрылысы жеке көсіпкер есебінен шешімін тауып, іргетасы қаланды, – деді аудан әкімі.

Осыған дейін мектеп бітіруші түлектер Ұлттық бірінғай тестілеуді Қазалы, Қызылорда қалаларына барып тапсырды. Биыл бұл мәселе оң шешімін тауып, аралдық талапкерлер Ұлттық бірінғай тестілеуді аудан орталығында тапсыратын болады. ҰБТ пункті болып Ұзақбай Қараманов атындағы №262 мектеп-гимназиясы таңдалды.

Сексеуілде аурухана ашылады

Денсаулық сақтау саласы бойынша ел күткен жаңалықтар бар. Атап айтсақ, биыл Сексеуіл кентіндегі 40 орындық аурухана пайдалануға беріліп, Тоқабай елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салынақ. Оған қоса, аудандық аурухананың жанынан жапсаржай және Арал қаласының Шанхай мөлтек ауданынан ауысымына 250 адамды қабылдай алатын емхана құрылысы басталмақ.

Аудандық аурухана негізінде 54 төсектік «Кардиология» және «Инсульттық» бөлімшелері ашылып, жұмыс істеуде. Бұған қоса, биыл аурухананы МРТ және ангиограф қондырғыларымен жабдықтау жоспарлануда.

Сондай-ақ «А.Байтұрсынов» ауылдық емханасының бос тұрған Б блогын 2 және 17 жас аралығындағы мүгедектігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған «Қамқорлық» ерте оңалту орталығын ашу үшін реконструкция жасауға қаржы қаралып, жұмыс басталуда. Орталық ашылған уақытта «Қазақстан халқына» қорынан 1,2 млрд



бір бөлігі сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету.

Инфрақұрылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, биыл аудандық маңызды бар «Самара-Шымкент-Шөміш-Аралқұм» автожолының құрылысы және «Жаңақұрылыс-Бек-

теңгеге медициналық құрал-жабдықтармен қамтылатын болады, – деді А.Оңғарбаев.

Айта кету керек, ауданда «Руханият» орталығы да бой көтермек.

Айдана
ЖУМАДИНОВА

Жастар жаңалықтары



Еріктісі көп елдің іргесі берік

Қызылорда. Облыста ресми түрде 2 мыңнан астам волонтер тіркелді және 30-ға жуық волонтерлік топ бар. 2022 жылмен салыстырғанда биыл волонтерлер саны 500-ге көбейді.

Аймақта жастар, ҰЕҰ-ның өкілдері, қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысуымен «Birgemiz» облыстық волонтерлер слеті өтті.

Іс-шара барысында «Birgemiz» волонтерлер, республикалық фронт офисінің өкілі, тренер Айбек Досымбековтің тәлімгерлігімен жас волонтерлерге шеберлік сағаты өткізіліп, тәжірибесімен бөлісті.

120 қатысушы 5 топқа жіктеліп, ұлттық спорт сайыстарынан бақ сынасты, жүлделі орындар иеленген командалар марапат төрінен көрінді.

«Аймақтағы волонтерлерді ынталандыру және адвокация негіздері» пленарлы отырысында қоғамдық даму басқармасы басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов аймақ үздіктерін «Үздік волонтерлік ұйым», «Үздік волонтерлік бастама», «Үздік волонтер» секілді т.б. номинацияларымен марапаттады.

Шара қонақтары БҰҰ-ның Қызылорда облысы бойынша координаторы Қанатбек Айтбайұлы, Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Бектас Балғабайұлы, Түркістан облысының жастар ресурстық орталығының өкілдері қатысушыларға сөттілік тілеп, ел дамуы жолында адал қызмет ете беретініне сенім білдірді.

Пікірсайыс турнирі

Арал. Аудандық қоғамдық даму бөлімінің әлеуметтік тапсырысы аясында «Жас Арал өрендері» қоғамдық бірлестігі және Арал аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Сексеуіл кентіндегі №177, 231, 283 және №87 орта мектептің жоғары сынып оқушылары арасында «Ұлттық құндылық – ұлт болашағы» тақырыбында пікірсайыс турнирі өтті.

Сайыс нәтижесінде №87 орта мектеп командасы бас жүлдені иеленсе, №283 орта мектеп оқушысы Арайлым Тарғынова және №177 орта мектеп оқушысы Арайлым Дарханқызы «Үздік спикер» аталымымен марапатталды.

Отбасылық спорттық сайыс

Қазалы. №266 мектеп-лицейде отбасы күніне орай «Жас Арал өрендері» жастар қоғамдық бірлестігінің және мектеп-лицейдің ұйымдастыруымен «Толағай» отбасылық спорттық сайыс өтті.

Спорттық шараға 9 отбасы қатысты. Бес кезеңнен тұрған сайысқа шапшаңдықпен, ептілікпен, батылдықпен қатысқан отбасылар арасынан оқ бойы озып, көзге түскен «Сәрсембаевтар» отбасы I орынды иеленсе, «Сүлейменовтер» отбасы II орын, «Жөкеновтер» отбасы III орынды қанжығасына байлады. Барлық қатысушы жанұялар арнайы номинациялар табысталды.

«Жастар рухы» кубогы

Қармақшы. Аудандық К.Рүстембеков атындағы жыраулар үйі ғимаратында жастар ресурстық орталығы және «AMANAT» партиясы «Жастар рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен жайдарман ойындарының «Маусымашар» сайысы өтті.

Сайыста 11 команда бақ сынады. Қатысушылар арасынан үздік өнер көрсеткен командаларға келесі кезеңге жолдамалар табысталды.

Шара барысында аудандық «Жастар рухы» ЖҚ-ның арнайы кубогы әділқазылар шешімімен III Интернационал ауылдық округінің командасына табысталды.

«Жемқорлықсыз әлем» сурет сайысы

Жалағаш. Аудандық қоғамдық даму бөлімінің әлеуметтік тапсырысы аясында «Қызылорда облысының жастар Одақтары» қоғамдық бірлестігі, аудандық жастар ресурстық орталығы және Оқушылар үйінің ұйымдастыруымен «Жемқорлықсыз әлем!» тақырыбында сурет салудан аудандық сайыс өтті.

Жарысқа барлығы 14 оқушы қатысып, нәтижесінде I орынды №203 орта мектебінің оқушысы Ұлпан Амандық еншілессе, II орынды №124 орта мектебінің оқушысы Бақтұр Жамбыл, III орынды №122 орта мектебінің оқушысы Ұлжан Тұрлыбай еншіледі.

Жеңімпаздарға қаржылай сыйақы және барлық қатысушыға арнайы алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

Спартакиада бақ сынады

Сырдария. Аудан әкімі Берік Сәрменбаев медицина саласының еңбек сіңірген дәрігері Бектас Ердоулетовті еске алуға арналған медицина қызметкерлері арасындағы аудандық спартакиаданың ашылуына қатысты.

Спорттық іс-шарада «Сенім» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының төрағасы Сәулебек Ысқақов, аудандық аурухана бас дәрігерінің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Еркін Жанабайұлы, Бектас Ізетулының ағасы Шынтас Ізетов өз естеліктерімен бөлісіп, медицина саласын дамытудағы еңбегін айтып өтті.

Медицина қызметкерлері арасында бұқаралық спортты насихаттау мақсатында ұйымдастырылған жарысқа 7 команда, 150-ге жуық қызметкер спорттың 6 түрінен бақ сынағанын болады.

Аудан әкімінің кубогы

Шиеді. Салтанат сарайында «Салауатты өмір салтын насихаттау және жастар шығармашылығын дамыту» әлеуметтік қызметі жобасы аясында «Арман асуы» қоғамдық қоры және аудандық жайдарман лигасының ұйымдастыруымен аудан әкімінің кубогы үшін жайдарман ойыннан облыстық сайыс өтті.

Жарыста облыс бойынша 10 команда бақ сынады. Нәтижесінде I орынды (150 000 теңге) «47 қырандары», II орынды 100 000 теңге «Тел Сұлдары» /Телікөл ауылы/ иеленсе, III орынды (70 000 теңге) «Үй жақтың балдары» /Жөлек ауылы/ еншіледі.

Сонымен қатар «Үздік ойыншы», «Үздік әзіл» аталымының иесілеріне 20 000 теңгеден қаржылай сыйақы табысталды.

Күй кеші

Жаңақорған. М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінде Аяғоз Еркінбекқызының «Күй-көмбе» атты шығармашылық кеші өтті.

Кешті аудан әкімінің орынбасары Семсер Сыздықов ашып, аудан халқының ыстық ықыласын жеткізді. Күйші Аяғоз Еркінбекқызына Құрмет грамотасы мен сый-сияпат табыс етілді.

Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Семсер Сыздықов пен «Әлшекей Бектібайұлы атындағы дәстүрлі өнерді дамыту қорының» президенті, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Оңғарбай Дәнебеков қос кітаптың тұсауын кесіп, Әлшекей атындағы музыкалық өнер мектебінің директоры Қалдыбай Қошқарбаев пен өнер мектебінің ұстазы Сапар Отарбаевты марапаттап, төсбелгі тақты.

«АЖ» ақпарат

МЕКТЕП БІТІРУ КЕШІ: ДУМАН БА, ДАҢҒАЗА МА?

Басы 1-бетте

Биыл соңғы қоңырау бола ма?

2023-2024 оқу жылын 4 млн-ға жуық оқушы аяқтайды, оның 186 мыңы мектептен түлеп ұшады. Жуырда су тасқынына байланысты соңғы қоңырау болмайды деген хабар шығып, халық дүрліккен де еді. Ата-аналар әлеуметтік желіде жарыса жазып, соңғы қоңыраудың болмайтынына наразылықтарын білдірді. Сәуір айының соңында Қазақстанның Оқу-ағарту министрлігі мектеп түлектерінің салтанатты кеш жасауына, банкеттер мен автомобильді кортеждерге шығуына тыйым салды. Түлектер емтиханға «сапалы» дайындалуы үшін шектеу енгізілді деген себеп айтылды. Алайда кейін тыйым алынып тасталды.

– Биылғы мектеп бітірушілер арасында 7 704 түлек «Алтын белгіге» үміткер. Мектеп түлектеріне арналған «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты іс-шара 25 мамырда өтеді. Аттестаттарды табыстау рәсімі 12-15 маусым аралығына белгіленді. 9 және 11-сынып бітірушілерінің қорытынды емтихандары 29 мамыр -11 маусым күндері өтеді, – деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Ата-ана үшін әжептәуір салмақ

Білім ордасымен қош айтысатындар жыл сайын «бітіру кешінен» бөлек көп шығындалады. Мәселен, ҰБТ-ға дайындалу үшін ай сайын 1500 теңгелік тест тапсырады. Арнайы курстарға қатысады, ал курс кемінде 60 мың теңгеден жоғары қаражатты талап етеді және бұл ай сайынғы төлем. Сондай-ақ қызылордалық оқушылар жылда Түркістан облысына саяхаттап қайтуды дағдыға айналдырған. Тағы да айта кететін жәйт, оқушылардың виньеткасының құны да арзан емес. Мәселен, 6 беттік альбомның бағасы 6000 мың теңге. Арнайы локация, түсірілім үшін арнайы киім дайындайды. Сондай-ақ оқушылар лентасы бар, ол да – ақша. Кемінде 1000-1500 теңге.

– Балам әні-міне дегенше мектеп бітіретін жасқа да жетті. Ұлымды ҰБТ алдында мемлекеттік орта мектептен ақылы «Мансап» мектебіне ауыстырдым. Қарапайым мектепте қосымша сабақтар өткізілмейді, ал балама ҰБТ-ға дайындайтын қосымша сабақтар қажет болды. «Мансап» мектебінде бұл мүмкіндік қарастырылған. Қосымша сабақ үшін айына 55 мың теңге, ал мектептен бөлек курс үшін 200 мың теңге төлейтінмін. Ал мектептегі оқу құны жылына 500 мың теңге. Сондай-ақ баламның виньеткасына 12 мың теңге төледік. Ұлыма керек болған тағы бір зат – оқушылар лентасы, оның құны 1500 теңге болды.

Кейінгі кезде мектеп бітіру кешіне тыйым салынып жатыр деген ақпараттарды естідік. Алайда балалар ебін тауып, сол күнді атап өтетіні анық қой.

Қазірден ақша жинап, кешті өткізетін жерді іздестірудеміз. Кортежі, мейрамханасы бар бұл кештің құны бір оқушы үшін 120 мың теңгеге шықты. Расымен, балаларымыздың мектеп бітіруінің өзі қыруар қаржыны талап етті.

Қатарынан қалмасын деп жұмыс істеп, сол шығынның бәрін өтейміз, әрине. Алайда кейбір отбасылардың да жағдайына қарау керек. Толық емес отбасы, көпбалалы отбасы, тек 1 адам жұмыс істейтін жанұялардың қалтасына «бітіру кеші» әжептәуір салмақ түсіреді. Балалар мұны ұға бермес, бірақ осындай жағдайлардың орын алуы мүмкін екенін түсіндіру біздің міндетіміз, – дейді қала тұрғыны Салтанат Тышқанбаева.

Түлектерді полиция қадағалайды

Былтыр түлектердің қатысуымен бірнеше тәртіп бұзушылық тіркелген. Сол себепті биыл Ішкі істер министрлігі оқушылардың алдын алу үшін әрбір мектепке полиция қызметкерлерін бекітетінін хабарлады.

Өткен жылы оқушылар ата-ананың қарауынсыз рұқсат етілмеген жерлерде шомылған. Осының кесірінен мектеппен қош айтысамын деген бала өмірмен қош айтысып, мереке соңы орны толмас қасіретпен төмамдалды. Бұл оқиғалар көбіне Ақмола, Маңғыстау, Атырау облыстарының су тораптарында орын алған. Сондай-ақ мектеп бітірушілер рұқсатсыз транспорт көліктерін тізгіндегені үшін тәртіп бұзушылықтар жиі орын алған. Түлектер толық ата-ананың бақылауында болып, тыйым салынған алкоголь, есірткі, өзге де психотропты дүниелерден аулақ болуы тиіс.

– Ата-аналар және мектеп бітіруші түлектерден қоғамдық тәртіпті бұзбауды, жол жүру ережелерін сақтауды, су қоймаларындағы қауіпсіздік шараларын ескеруді сұраймыз. Тәрбиеші, ата-аналар және көмелетке толмағандардың басқа да заңды өкілдері іс-шара аяқталғанға дейін түлектерді тұрақты бақылауды қамтамасыз етуі керек.

Құрметті түлектер мен олардың ата-аналары, бұл мереке сіз үшін тек жағымды жағынан есте қалуы керек. Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыз. Құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда дереу 102 нөміріне, ал төтенше жағдайда 112 нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз, – деп үндеу жасады ішкі істер министрлігінің өкілі Әсет Оспанов.

Мерекенің берекесі кетпесін

Десек те мектеп бітіру кешінің өзіндік орны ерекше. Оқу орнымен қоштаса отырып, жанашылдыққа қадам жасайды. Мерекелік кеш ауыр емтихан алдында әрбір түлекке психологиялық тұрғыда көмек беріп, бір серпіліп қалуына әсер етеді.

– Мұғалім ретінде мерекенің атап өтілуіне қарсы емеспін. «Заманына қарай амалы» демекші, баласы ер жетіп, қызы бой жеткені ата-ананың қуаныш тойы деп есептеймін. Бұл жерде бітіруші түлектер шектен шыға есіріп емес, есті көзқараспен қуана білсе дұрыс болар еді. Ата-аналар қадағалай алатын деңгейде өткені дұрыс. Жол апаты, төбелеске ұласып, мерекеге емес, берекесі кеткен іске ұласатын болса, онда берілген білім мен тәрбиенің еш кеткені деп ұйғарғанымыз жөн, – дейді «Абылай хан» атындағы №140 казак орта мектебінің мұғалімі Марал Қосанова.

Бұл күнді атап өту міндетті емес, бірақ жақсы жылдарды жақсы естеліктермен есте қалдыру әрбір оқушыға мәні бар құндылық. Бітіру кешіне қатысқанын дұрыс деп санайтын келесі кейіпкеріміз ертеңгі күні еш өкініштің болмағанын қалайды.

– Мектеп бітіру кеші оқушының өмірінде бірінші және соңғы рет болады. Ол әрбіріміз үшін маңызды. Себебі мектеп бітірген соң сыныптастарыңды көру-көрмеуіміз екі талай. Қаражат жағынан қиналып қалуымыз мүмкін, алайда оның орны толады, бірақ өткен уақытты қайтару қолымыздан келмейді. Сыныптастарымыздың жағдайына қарап, бір шешімге келсе, ешкімнің көңілі қала қоймас. Бұл күн үшін барлығымыз белсенді дайындалатынымыз да сөзсіз. Мектепте өткен уақытты осы кеш арқылы мәңгілік есте сақтап қалғанымызды күп көреміз, – дейді биылғы түлек Аяжан Махаббат.

Таяқтың екі ұшы бар дегендей, пікірлер легі қатар түсіп тұр. Бірі кештің болғанын құптаса, енді бірі бұл барлығына бірдей қолжетімді дүние емес дейді.

– Шынымы айтсам, біздің бітіру кешіміз көңілімізнен шықпады. Оған қаншама дайындық, уақыт, қаражат кетті. Көңілді отырысты ұйымдастыруға қашан да уақыт бар, алайда барлығының дерлік қаржылай мүмкіндігі жоқ. Кейбір сыныптастарымның отбасылық жағдайы төмен болды. Олардың да бұл кештен қалғысы келмейді, дегенмен қолдан келмесе амал жоқ. Күндіз жұмысбастан болып, кешке үй тірлігімен айналысатын анамызға қыдырыс үшін ақша сұрауға қысыламыз. Ал есейіп, ес жиған соң тойлатуға әрқашан мүмкіндік бар. Мектеп бітіруші түлектің зейіні алда болатын маңызды емтихандарда болуы керек деп есептеймін, – дейді студент Наргиз Балтабай.

Түйін. Мектеп бітіру кеші расында естеліктерге толы әрі қызық. Алайда көптеген тәртіп бұзушылық пен қылмыстық іс-әрекеттің көбеюі де өзекті мәселе екенін естен шығармаған абзал. Жар құлағы жастыққа тимей жұмыс істеп жүрген әр ата-ана баласы бөріне дайын. Десек те мақтанға салынып, арзан күлкі мен бос ысырапшылыққа бой бермей үйренгеніміз дұрыс секілді.

Нұршат НЫШАНОВА



«Мектеп – кеме, білім – теңіз» демекші биылғы оқу жылының аяқталуына да санаулы күн қалды. Алғашқы қоңырау соғылғанда жүректері дүрсілдеп мектеп табалдырығын аттаған оқушылар жыл бойына үздіксіз білім алды.

№5 мектеп-лицейде 2023-2024 оқу жылында жалпы 1755 оқушы білім алды. Оның ішінде 1-4 сыныптарда – 704 оқушы, 5-8,10 сыныптарда – 918 оқушы болса, барлығы да қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырады. Биыл 4 түлегіміз «Алтын белгіге» үміткер.

Биылғы оқу жылында қарқынды жұмыстың нәтижесінде ұстаздарымызбен шәкірттеріміз білім бөйгесінде оза шапты. Республикалық, қалалық, облыстық ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадалардың жүлдегерлері атанды. Ұстаздар

балаға тәрбие беріп қана қоймай, ізденіс жолына бағыт берді.

Бүгінде аралас мектепте түрлі ұлт өкілдері тәрбиеленуде. Ұлтқа, тілге бөлінбей ана тілімізді

Білім бесігі

биік қойып, шәкірттеріміз мектеп оқу ордасына жылулық ұялатты. Оқу жылындағы қалалық үздік мектептер арасында алдыңғы орындардан көрініп, сайыстардың жүлдесін қанжығасына байлады. Әртүрлі қайырымдылық шарасына белсене атсалысып, үйден оқытылатын оқушылардың да көңіл-күйін көтеру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Иә, бұл ұжымдағы ауызбіршіліктің, білім көшіндегі алғырлықтың, тәлім мен тәрбиенің нә-

тижесі десек қателеспеген болар едім. Осындай жетістіктің арғы жағында ұлылықты жоғары қойған ұстаздардың еңбегі жатыр. Шәкірттеріміздің білімді ұрпақ болып өсуі үшін күні-түні еңбек етіп жатқан ұстаздардың мәртебесі биік болғай дегіміз келеді.

Осындай ұжымды басқарып отырған мектеп директоры Рита Мұхашова, оқу ісі жөніндегі орынбасары Болат Аблаев, тәрбие орынбасарлары, ғылыми-іс жөніндегі орынбасарлары, мектеп әкімшілігінің еңбегін ерекше айтқым келеді. Мәртебелі мамандықтың мерейін көтеріп, баланың бетінен қақпай, белін буып жүрген ұлағатты ұстаздарымыз қашанда марапат төрінен көріне берсін.

Акерке БАЛМАНОВА,

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Жетпісбай» ЖШС (БСН 150940003422) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Есенов көшесі №19 А, оф 7

ТІЛ АДАМ МІНЕЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

МІНЕЗ ЖӘНЕ ТІЛ

Мінездің қалыптасуына көптеген фактор әсер етеді. Соның бірі – тіл. Тіл арқылы адамдар өз ойларын ғана жеткізбейді, көңіл-күйін, кез келген жағдайға қатысты көзқарасын білдіріп отырады. Грамматикалық форма да өзінің негізгі мағынасымен қоса қосымша реңк беру, қосымша мағына білдіру қызметтеріне ие болады. Яғни әр тілдің фонетикасы, лексикасы сол тілді қолданушы адамдарға байланысты. Адам өз эмоциясын тіл арқылы білдіруі сол адамның қандай эмоцияда тұрғанын көрсетіп қана қоймай, сол тілді қолданушының болмыстық ерекшеліктерін де бейнелеп беретін сияқты.

А.Байтұрсынов: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың мәнзеуін мәнзеуінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарына жарайды», – деп жазады. Яғни тіл – құрылымдық жағынан танбалардың жүйесі болса, атқаратын қызметі жағынан ойды жеткізуші, сонымен қатар қарым-қатынас құралы.

БІР ТІЛДІ ҮЙРЕНУ – СОЛ ТІЛДІҢ МӘДЕНИЕТІН ҚАБЫЛДАУ

Жоғарыда атап өткеніміздей, тіл сөйлеушінің өзіндік ерекшеліктерін байқауға қабілетті. Тіл, тарих, мәдениет секілді ортақтар негізінде біріккен адамдар қауымдастығын ұлт десек, бір ұлттың тілінен сол ұлттың сырын, тарихын, тұрмысын, болмысын анық көруге болады. Мәселен, қазақ тілінен қазақтың жайсаң даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезді екені – көрініп тұр. Қазақтың даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ десек қате болмас.

Неміс ғалымы, тілтанушы В.Гумбольдт: «Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді» дейді. Әлемдік лингвистикаға адам тілді неғұрлым жақсы меңгерген болса, соғұрлым оның ойлауына әсерін тигізеді деген идеялар мен концепциялар ұсынды.

Демек адам бір тілді үйреніп, сөйлей бастаса сол тілде ойлай бастайды деген сөз. Байқасақ, расымен солай. Мысалы, кәріс тілін үйренген таныстарыма қарап, олардың күнделікті өмірде сыпайлық танытатынын және сөйлеу барысында еркелік сарынын байқаймын. Сондай-ақ киім кино стилінде, эмоцияларында да кәріс ұлтына ұқсастықты көруге болады. Олар сол тілді меңгеріп қана қойған жоқ, сол ұлттың мәдениетін сіңіріп алды. Бұл тұрғында американдық лингвист Дэнниел Эверетт «Тілді сол ұлттың мәдениеті қалыптастырады» деген идеяны ұстанады. Нысанға тағы да қазақты аласақ. Қазақ халқы XIX ғасырдың орта шебінде патшалық Ресейге қосылғанына, мал шаруашылығын басты күнкөріс құралы ретінде алып, соның ығына қарай көшпелі мәдениетті ұстанған болатын. Олар жазда жайлау, қыста қыстау, күзде күзеу, көктемде көктеуге қоныстарын ауыстырып отырды. Әр мезгілде, әр түрлі қонысқа бейімделу, икемделу – сол уақытта қазақ халқы үшін қалыптасқан еді. Міне, қазақ мәдениетіндегі осы қасиет оның тілінен де көрініс тауып отыр.

Қазақ тілі – аса бай, икемді тіл. Осы тұста қазақ лингвистикасындағы сингармонизм заңдылығын айта кетсек. Сингармонизм бойынша сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке, не еріндік, не езулік болып айтылады. Түбірге жалғанатын қосымшалар да осы заңдылыққа бағынады. Мысалы, бала-лар, еңбек-ші-лер. Демек қазақ тұрмысындағы тиімділік тіліндегі икемділікке айналған. Қазақ тілінде кірме сөздер өте көп. Араб, орыс, тіпті моңғол тілінен де енген сөздер бар. Қызығы сол, қазақ халқы оны өз мәдениетіне, өз табиғатына орайластырып, икемдеп алған. Орыстың «ящигін» жәшік, арабтың «китабу» деген сөзін кітап, моңғолдың «кулус» деген сөзін ұлыс деп пайдаланып жүрміз. Осылай орайын тауып, қисынын келтіріп пайдалансаң, бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, текемет оюға болады.

АНА ТІЛІНІҢ АДАМ МІНЕЗІНЕ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қадірлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтпен бірге еніп, қалыптасады. Ж.Аймауытов «Тәрбиеге жетекші»

деген еңбегінде: «Ана тілі халық болып жаралғаннан бергі жан-дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәй-терегі... Жүректің терең сырларын, жанның барлық толқындарын тұқымнан-тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – сол халықтың тілі» деген болатын. Ана тілінің адам мінезіне әсері қандай?

Ана тілі – тілді жасап келе жатқан халықтың өткені, бүгінгі және болашағы. Ана сүтпен дарыған ұлтымыздың құндылықтарын сіңіріп өсеміз. Мысалы, қазақ қоныр желдей аңқылдап, еркін өсіп, көмек қолын созуға әзір тұрады. Бауырмалдық, бір-біріне мейіріммен қарау, бұның бәрі байырғы қазақ та да болды, қазір де бар. Демек ана сүтпен дарыған, жойылмайтын құндылықтарымыз деп осыларды айта аламыз. Тиісінше қатігездік, немқұрайлық деген сияқты қасиеттерді қазаққа телу қиын. Әрине бұл адамның қалай тәрбие көріп өскеніне байланысты. Бірақ бұл тұста тілдің де өзіндік ерекше әсер беретіндігін жоққа шығаруға болмайды.

«Ұлттың тілі жұтаса, мінезі өзгереді», – дейді. Қазіраңа тілімізден гөрі орыс тілін білетін қазақ балалары көп. Соның әсерінен олардың мінездері тік, құрмет сезімдері кем болып қана қоймай, ұлттық мінез бен құндылықтардан хабарсыз екені көрініп тұрады. Мұндай мінез орыс ұлтының табиғатына жарасады, өйткені ол сол ұлттың басқа құндылықтарымен астасып жатады. Яғни, сол халықтың бойындағы тік мінезділік, қоғамда өз ойын кім екеніне қарамай ашық айту ерсі емес. Ал үлкеннің алдынан кесе-көлденең өтпейтін, үлкенге деген құрметтің парызы деп білетін, келіні иіліп сәлем салатын, әйел заты ердің бетіне келмейтін, «Ата тұрып, ұл сойлегеннен без, Ана тұрып қыз сойлегеннен без» деген тәліммен өскен қазақ халқы үшін бұл жат нәрсе. Өзінен кішіге тік мінездің жөні осы екен



Адамның психикалық қасиеттерін құрайтын бірнеше қасиет бар. Қабілет, темперамент, мінез. Бұл әр адамды ерекшелетін өзгешелік десек те болады. Түрлі мінез иелері ұқсас жағдайларда әртүрлі әрекет етеді. Демек мінездің қандай да бір шешім қабылдауға да әсері бар.

деп, бетінен алып жатқаны жанға батағын сөзсіз. Бұл қазіргі заманда өмір сүріп жатқан біздер үшін таныс көрініс. Осындай дәлелдемелерден кейін, тіл адамның мінезін қалыптастырушы екеніне және оған толықтай әсер ететіне күмән қалмайды деп ойлаймын. Ал сіздің мінезіңіз қандай?

Шапағат КӘРІМБЕРДИЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің
студенті

ӨНІРЛІК КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Биыл 1 наурыздан бастап еліміздің барлық өңірінде, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада өңірлік кадр резерві бастау алған болатын. Оған 35 жастан аспаған, жоғары білімді және 3 жылдан кем емес жалпы еңбек өтілі бар азаматтар қатысты.



Жобаның мақсаты – жас басқарушылардың өңірлік пулдарын қалыптастыру және өңірлерді дамытуға талантты жастарды тарту.

Іріктеуді Қызылорда облысының өңірлік Кадр комиссиясы жүзеге асырады. Іріктеу жүргізілетін салалық бағыттар айқындалған: индустрия және өнеркәсіп, экономика және қаржы, әлеуметтік сала, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, цифрландыру, экология.

Резервке іріктеу бес кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңінде өңірлік кадр резервіне 235 үміткердің құжаты қабылданды.

Екінші кезең екі блокқа өтті. Оның бірінші блогы – заңнаманы білуге арналған тестілеуге 226 үміткер тіркеліп, оның 220-сы тестілеу тапсырды, 6 үміткер тестілеу өтуден бас тартты. Екінші блок – жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуге 115 үміткер жіберіліп, оның 114-і тіркелді, ал 1 адам тестілеуге қатысудан бас тартты. Нәтижесінде 51 үміткер кадр резервінің келесі үшінші кезеңіне жіберілді. Бұл кезең – «Құзыреттерді бағалау», осы жылдың 13-29 мамыр аралығында Астана қаласында Мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта өтеді. Аталған кезеңде кандидаттардың мінез-құлық индикаторларының жиынтығы арқылы белгілі бір құзыреттерді (белсенділік,

қызметті басқару, мәселелерді талдау және шешу, көшбасшылық, сенімділік қасиеттерін) анықтайды.

51 үміткердің басым бөлігін мемлекеттік қызметшілер, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және жеке сектордың қызметкерлері мен мұғалімдер құрайды.

Іріктеудің төртінші кезеңі – «Комиссиядағы құрылымдық сұхбатқа» әрбір кандидат өзінің таңдаған салалық бағытына сай әзірлеген жобасын презентациялайды. Презентация 5 слайдтан тұруы тиіс, қорғауға 5 минут уақыт беріледі. Комиссия үміткерлерді келесі критерийлерге сәйкес бағалайды:

- аналитика;
- білімнің тереңдігі;
- қарым-қатынас дағдылары.

Соңғы кезең – комиссия отырысындағы шешім қабылдауы. Өңірлік резервке өңірімізде 25 адам алынады және резервте болу мерзімі 2 жылды құрайды.

Жерлестерімізге сәттілік тілей отырып, осы соңғы кезеңге дейін жетіп жеңімпаз атауына тілектесіңіз!

Мирамкүл БИБІТОВА,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары

Мінез – адамның ішкі әлемінің айнасы. Жүсіп Баласағұн: «Кісіге екі дүниеде де пайдалы, ізгі іс – мінезі түзулік. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады» деген. Бұл тұста ұят пен әділдік мінездің сыңары екенін есте ұстау қажет. Білім ізгілікке жұмсалмаса, оның пайдасынан зияны артуы әбден мүмкін. Сондықтан Шығыс даналығы адам мінезінің көркемдігін алдыңғы орынға шығарса керек.

ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ БІЛІМНЕН ЕМЕС, МІНЕЗДЕН

Адамзатты өркендету шыңына жетелеген ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген. Елге адал қызмет етер адам – әділдік, жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, адалдық және парасаттылық сынды қасиеттерге ие болуы қажет. Ізгі мінез-құлық жайлы сөз болғанда хакім Абайға тоқталмай кете алмаспыз. «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген ойшыл сөзін тілге тиек етіп, білім мен мінездің, ардың адам өміріндегі орнына ерекше тоқталған. «Ғылымды, ақылды сақтайтын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсө қызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады» деп ескертеді.

Дана Абай әсіресе адамның танымдық қызметін арттыратын мінездің қырына баса көңіл бөледі. Ол жастарды білім-ғылымға шақыра отырып, тек қажырлықпен, құштарлықпен арқасында ғана ғылымға қол жеткізуге болатынын айтады. Адамның көңілін көтеріп, бойына қуат беретін сезімдердің бірі – өзгеге еш міндетсіздей қол ұшын беру. Ар-ожданға таза адам ғана бар шынайы көңілімен өзгенің керегіне жарайды. Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін, ғылым-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуаттарының бірі – ерік-жігер, қажыр-қайрат. Ерік-жігер – адамның мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әр түрлі кесепаттардан, пайдасыз құмарлықтардан қорғайды. Абайдың айтуынша «жан қуаты деген қуат бек көп нәрсе... Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар... ол жоғалса, адам баласы хайуан болды, адамшылықтан шықты» – деп, адамның өзі таңдап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайратының ғана көмектесетінін еске салады.

Айгерім КӘРІБАЕВА,

Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі



ПОЙЫЗДАР

Жүрек пойыз зуылдап, Вагондарды қосып алып, Адамдарды тасиды, Көңілдері шалқиды. Дөпеда вагондар тұрады, Адамдар мен жүктерді, Таситын пойыздар бар әртүрлі, Локомотивке жалғанған, Вагондар да әртүрлі. Локомотив ішінде, Мәди машинист тұрады, Машинистке мың алғысы!

ТОРҒАЙЛАР

Әй, торғайлар, торғайлар, Аспанға қарай қалықтап, Бұлбұлша сайрап, ұшындар! Пойыздардан озындар, Жылқыларды көріндер...

Әй, торғайлар, торғайлар, Терезе алдына қонындар. Салқын күнде зу етіп, Жылы жақа қайтындар.

Мәди ҚЫДЫРӘЛІ,
М.Шоқай атындағы
№187 ІТ мектеп –
лицейінің
3 «А» сынып оқушысы
Жетекшісі:
А.ҚАДРИЯЕВА

ЖУРНАЛИСТИКА – МӘНІ ТЕРЕҢ МАМАНДЫҚ

Басы 1-бетте

Ал «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Гүлмира Ділдебекова шығармашылық өкілдерін қолдауға әрдайым дайын екенін жеткізді. «Kyzylorda-news.kz» ақпараттық агенттігінің бас редакторы Әзиз Батырбеков қос басылымды мерейтойымен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Мұшайраның іріктеу кезеңіне 20 ақын қатысып, оның 11-і екінші кезеңде бақ сынады. Жас ақындар «Журналистика – мәні терең мамандық» тақырыбы бойынша жазған өлеңдерімен қатар еркін тақырыптағы туындыларын да ортаға салды.

Поэзия әлеміне енді қадам басса да оқушылардың екпін жоғары, талабы таудай. Ойлары еркін, соған сәйкес туындыларынан да ашықтық байқалады. Жыр бөйгесінде үйлесімді ұйқас қана емес, тапқыр ой мен ұтымды тіркес те көрерменді елең еткізді.

Айталық «Тілшіліктің бағындырып заңарын, Тіршілікке тіл бітірген мамандар» деп толғаған Ұлықбек Бектайдың сөз саптауы бөлек, ойы жинақы екені әр шумағынан-ақ байқалып тұрды.

– Апат келсе, далаң опат, жері – су,

Бірге жүріп көрсету мен көрісу,

Біреулердің қайғысына ортақ боп,

Біреулердің қуанышын бөлісу, – дейді ол.

Ал Данияр Құбанәлі «Өлемнің алтын маманы, жанашыры халықтың, Журналистерді қадірлеп, жыр арнағым келеді» деп бірқатар ақпарат өкілдеріне арнайы тоқталды.

Иә, жас ақындардың шығармашылығында журналистикада өзіндік орны бар, мәселені елге жеткізіп қана қоймай, шешілуі үшін барын салатын, болмысы бөлек Бейсен Құранбектің есімі бірнеше рет аталды. Бұл ақ пейілі, еселі еңбегімен халық жүрегінен жол тапқан тележурналистке деген бүгінгі буынның құрметі екенін байқадық.

Мереке Қуаныш «Қанықсың әркез сырына дархан даланың, Аралап шықтың шатқалын сай мен саланың» деп тілшілердің сапарда жиі жүретінін еске салса, Нұрайна Жүсіпбекова «Шаршамастан қызмет қылып халқына, Қаламымен із қалдырды артына» деп қаламгерлердің айбынын асыра түсті.

Жас таланттардың шығармашылығын «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы бөлімінің менгерушісі Жанар Бимұратқызы, ақындар Ақжол Түменбай мен Аружан Оралбай бағалады.

Сайыстың нәтижесі бойынша бас жүлдені жас ақын Ұлықбек Бектай иеленді. Ал I орынды Мерей Қалабай, II орынды Данияр Құбанәлі мен Мереке Қуаныш, III орынды Расул Жеткерген, Нұрайна Жүсіпбекова, Талшын Оспан еншіледі. «Көрермен қозғаймы» номинациясы бойынша Нұрбек Ақтай марапатталса, Азамат Қонысбек, Ботагөз Мұхамбетжанқызы мен Мерей Шөкратқа алғыс хат табысталды. Шара нәтижесінде барлық қатысушы арнайы сыйлықтарға ие болды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Өскенімде, шіркін, тілші болғанда,
Деп үнемі шоматынмын арманға.
Журналистің болмысы бар, қарашы,
Бейсен ағам кешіп өткен жолдарда.

Міне, көрші – менде қандай арман бар,
Журналист – ол шамшырақтай
жанғандар
Жаңалықты жеткізетін қоғамға,
Даналықтың иесі де сол жандар

Апат келсе, далаң опат, жері – су,
Бірге жүріп көрсету мен көрісу,
Біреулердің қайғысына ортақ боп,
Біреулердің қуанышын бөлісу.

Елге ететін ұшан-теңіз пайдасы,
Бұл жандардың кім екенін ойлашы?
Адам болып адал ғұмыр кешетін,
Әдебиет пен мәдениеттің айнасы!

Алдамас та, жалған сөзді жалғамас,
Тілші болу – күрделі көп жанға рас,
Эфирлерден көрсетілмес біздерге
Қызығы мен шыжығы мол қарбалас.

Радио, эфир, газеттердің ақ нұры,
Орақ ауыз, тура сөзді, оқ тілі,
Міне осындай «журналистер» болатын,
Бала күнгі арманымның авторы.

Өтсе-дағы запыранды заман дәл,
Журналистер жаны жайсаң жарандар.
Тілшіліктің бағындырып заңарын,
Тіршілікке тіл бітірген мамандар!

Жүрексіз болды-ау ұнатар бағым,
Жүгенсіз болды-ау жүдә талғамым.
Өксіген өзек, өкінген өлең,
Өкірген өмір, жұбата алмадым...

Ақылсыз ойлар әпенді бұлақ,
Не түрлі айла әкелді құрап.
Табыстырғанмен талай сезімді,
Таныстырды ғой әкемді бірақ!

Мұңсыз емеспін, мінсіз емеспін,
Үлгісіндеймін үнсіз елестің.
Қарманып кейде қалған көңілім,
Қаспағын бір сәт қыршып егестің.

Жүрген жолымнан жаңылдырмадың,
Солай сезімге бағындым жаным!
Аялап тұрған махаббаттарды,
Саябақтардың сағындым бәрін .

Өлһамсыз күндер алқам да салқам.
Отқа тастар деп ортамнан қорқам.
Теперіш көрген тағдырымды бұл,
Қолыңнан келсе талқанда қалқам.

Талқанда қалқам, сезім жүдесін!
Төзгісіз қылма төзім күресін,
Әлде, қайтадан бәлкім басынан?
Қалай болса да өзің білесің...
Қалай болса да өзің білерсің...

Ұлықбек БЕКТАЙ,
№189 орта мектебінің
11-сынып оқушысы

Шындықтарменен жанасатұғын,
Мәліметтердің астары,
Ақын жанды қыз түп-тұнық, мөлдір,
Жырларын міне бастады.

Журналистика тұңғыық, терең,
Мағынасы бар ерекше,
Жаңалықтарды кім жеткізеді,
Халыққа берген көмек ше?

Шындықты айтып шырылдап өткен,
Журналистер-ай кешегі,
Ақыр соңында ақиқат деген
Ошақтың оты өшеді.

Өтірікшілер шындықты үрлеп,
Өшіріп, кешті бағырған.
Жалғаннан көзін ашалмай халық,
Тандарын талай атырған.

Өсекші тілі – алдаған жұртты,
Бұл істің арты олар ма?
Тілшінің тілі – сөздері балғын,
Ақиқат міне соларда.

Ақиқат – Жалған бітпейтін соғыс,
Қияметке дейін жалғасар.
Шындықты тілші айтпаса егер,
Халыққа мүлдем қалмас ар.

Таразы басын еншілеп тұрған:
Адалдық пенен арамдық.
Тең ұстап тұрған – Журналистика – ...
... Тұңғыық терең мамандық.

«Бақыт» деген – сенің екі қолдарың,
Өрқашан да жанымда бір болғаның.
«Сүйем!» деген – сөздеріңді естісем,
Жүрек іші ұмытады солғаның.

«Бақыт» деген – сенің ерке сөздерің,
Күлімсіреп қараған бір көздерің
«Бақыт» деген – жүрегіңнің дүрсілі,
Саған қарап махаббатты үзбедім.

Жанарыңа жауатпаң бір қараймын,
Махаббаттың дертісің деп санаймын.
Маған деген – сезімдің сезінсем,
Серт етемін орнын басам талайдың.

Ғашық жүрек сарғайды ғой сағынып,
Өзінді ойлап – қайғы мұннан арылып.
Сағынумен арпалысып ақыры,
Қалдым міне махаббаттан тарылып.

Сағындым сені...
Сағынып қатты барамын!
Көріп тұрмын сағыныштың алауын.
«Көрісу» деген – бір жетпейтін арман ғой,
Сенсіз қалай энергия аламын?

Сағым қуып, арман қуып жүр едім,
Сағыныштың іздеп жүрдім бір емін.
«Махаббатым, қайдасың?» – деп елеңдеп,
Төңірімнен тек өзінді тіледім.

Күлімсіреп көздеріңе қараймын,
Өзінді елден ерекше деп санаймын.
Жаксы көру қандай ғажап сезім еді?
Сені таптым арасынан талайдың...

Мерей ҚАЛАБАЙ,

Қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығы
«Жас тілші»
үйірмесінің оқушысы



Мұғалімнің көбейіп, сөзастың азайып кетуі жан-жақты білім мен қарым-қабілеттің жоқтығынан. Мәуелі бәйтеректің тереңге тамыр тартып, жапырағын кеңге жаюы үшін «сылдыр судың» өзі жеткіліксіз. Құнар керек. Құлқынның құлы емес, ұлтының ұлы болғандар осыны ойлайды.

Қара судан қаймақ алып, қара даладан дара дарын шығару педагогтың біліктілігіне, біліміне байланысты. Бүгінде рухтың төрін, намыстың өрін бағындырғандар ғана дана ұстаз болмақ. Осы соқпақты ақындықпен ұштастыру, сөзден өрмек тоқып, шумалық шуаққа айналдырып, екі кеменің басын ұстап жүру ешбір адамға оңайға соқпаса сөзсіз. Намысты нанға саптайтын нар ақындар, ұстаз шайырлар тарих көруенінде де кездеседі. «Кел, балалар, оқылық!» деп Ыбырай салған қозы көшті тізбектеген, ізгі ізді үзбеген алып ақындар іргелі оқу орындарында дәріс беріп те жүр бүгінде. Ал біздің айтағымыз қазыналы Қазалы жеріндегі шайырлар шоғыры жөнінде.

Өзен түбіндегі шоңғал тастай талай тасқынға төтеп беріп, буырқанған ағындарды бастан кешкен аймақ ақындарының бағыты турасында сөз қаузамақпыз. Көлі киелі, өзені өмір, топырағы текті жерден шын дарындардың шықпауы әсте мүмкін емес шығар. Намыс пен рухтың ақындары да осында. Өлеңдерін оқи отырып жүрегіңізбен сезініп, сезім суына шомасыз.

Әңгімені тың идеялардың генераторы, намыс туын нық ұстаған, шындыққа біткен шоңғал тас Абдолла Сапардан бастасак. Сапар ақын мәңгілік сапарға аттанып кеткені ұзақ уақыт бола қойған жоқ. Соңында қалған шоқ-шоқ шәкірттері оның адуынын, аптап лебін әлі күнге ұмытпаған. 2009 жылдан бастап №249 мектеп-лицейде жұмыс істеген оның өлеңдері «Қазақ деген ол мемнім» деген атаумен басылып шықты. Жарық жалғанда небәрі 38 жыл ғана өмір сүрген талантты ақын, таңдаулы ұстаз, тосын идея, тың шешімдердің иесі, көзі тірісінде аңызға айналған «Сегіз қырлы, бір сырлы» Абдолла Сапардың таңғажайып туындыларын, отты өлеңдерін осы жинақтан оқи аласыздар.

А.Сапар соңғы сұхбатында «Бақыт деген не?» деп келетін сұраққа былай жауап қатыпты: «Меніңше, дәл осы отырғанда денемнің саулығы,

айналамын амандығы. Мен үшін бақыт – баламның алдымнан жүгіріп шыққаны, әйелімнің маған күлімсіреп жымыюы, мен үшін бақыт белгілі бір мазмұнды толық қабылдай алған оқушының саған деген ризашылық көзқарасы, жанарынан есіп тұратын жылулық лебі. Дәл осы тенденцияны өзімнің ішкі күйіммен синтездеу арқылы ләззат аламын. Мен үшін белгілі бір моральдық экстаз көбінесе лицей қабырғасында өтетін сияқты. Бақыт құсы мектептің ішінде, аздада келгеннен

менің алдымнан жүгіріп шыққан оқушылар» дейді. Рас қой. Ақын мұны сезінді. Басқалар да түсінсе игі. Себебі баланы «бақыт» деп білетін жан ғана рух биігінен көріне алмақ. «Қазақ деген ол мемнім, мақтанайын деп едім... Тәңірге ғана бағынар» деп жырлаған ақынның жан жүрегі осыны ұғынған.

Намыс найзағайының ізін жалғап, ақындық соқпақты салып келе жатқан қазір Қазалыда ұстаз-ақындар жетерлік. №78 мектептің мұғалімі Шертай Ерхан «Найзағай ғұмыр» өлеңінде:

Салмағын салып саналы істері,
Жанымың шоғын қаузады-ай бүгін.
Жарк етіп ойнап, жерге түскені,
Сияқты маған найзағай ғұмыр, – деп жырлайды. Ал, №100 мектептің ұстазы Ақынсара Даулова «Абай рухына тағзым» жырғында:

Өлеңмен бар әлемді бағындырған,
Біздерге сара жол бар сағым жылдан.
Қазақтың ұлы ақыны Абайымның,
Қиялы кең, жүрегі жалын нұрдан.

Қарап тұрсаңыз, оқушы қиялын өлеңмен баурап, өнермен сусындатуға болады. Бас ақын өмірін өнегелі өлеңмен түсінген оқушы тақырыпты ойда ұстап қалары анық. Бұдан бөлек, №225 орта

мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жанат Аханның «Адамдықтың қол жеткізем тағына» өлеңінен тағылым табуға болады. Тау көтеріп, тас қопарған жырлар қаламына да, ұстаз қаламынан туған түйдек тіркестер көпке ой салады.

Мың тербелем кемедей айдындағы,
Еске түсіп ескі өмір жайдың бері.
Құлазыған сәттерде қылаң беріп,
Өмір маған құшақты жайдың тағы.

Өлеңмен өрілген өмір. Шағын ғана қаланың әр мектебінде ақын бар болса, ол руханияттың өрлігі. Қазалыдағы ақындар тізбегі мұнымен бітіп қалған жоқ. Баршылық. Соның бірі – Сәкен Қабылов. Ол №225 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Жырлары да ұытты.

ШАЙЫРЛАР ШАҒАРЫ

Лашын құстай бәрі шүйілді кеп,
Лебізін тыңдата алмай, түйілді кек.
Лайқат сөз таба алмай жасын топқа,
Лауазым иелері күйінді көп, – деп, ғасыр зұлматын шумалға сыйдырып жібереді. Желтоқсандағы жыл ызғарын жыр ету, ұстаздық жүректен түйсіну ерлік. Оның «Сараман сыры», «Туған өлкем», «Көктем келді» өлеңдері де өмір бедерін бейнелейді.

Ақындық дейтін ауыр жүкті арқалап жүру нәзік жандарға оңайға соқпайды. Керек тастың ауырлығы жоқ. Әйткенмен жан солқылды сыздағып, қоғамдағы мәселелермен, махаббатпен күйіп-пісіп жүрудің машақаты көп. Сағыныш Өтеулиева бұл белесті де бастан кешкенін өлеңдерінен аңғарамыз. Сағыныштың сағынышқа, сырға толы өлеңдері өз бағасын алып келеді.

Ол Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі №266 мектеп-лицейдің I санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Өлеңдері 2017 жылы Алматы қаласында жарық көрген республикалық жас ақындардың «Жастық – жалын жыр» антологиясына және республикалық «Мәртебелі мамандық» журналына бір топ өлеңдері жарық көрген. Аудандық мұғалімдер арасындағы Рүстем

Жанай, Алмагүл Қаржаубаева атындағы жыр мұшайралары мен Мұхтар Шаханов, Оралхан Бөкей, Абай, мектепшілік Фариза Оңғарсынова, Мұқағали Мақатаев оқуларының жүлдегері.

«Жүрек жылап қалды» өлеңінде:
Жақын жүріп жанымнан жырақ қалдың,
Көшпейді екен көңілімнен ұнатқаның.
Мені мұнша дәрменсіз күй кештірген –
Сынақтарым...
Ертең үшін өзімді сан сұраққа алдым,
Ол жоқ жерге расыменен тұрақталдым.
Бұл қылығым бәлкім ерсі көрінсе де –
Ұнатқаным...

Иә «Өлең-өмір» деген осы шығар. «Ұстазсыз шөкірт тұл». Шөкіртсіз ұстаз жеміссіз қу ағашпен бірдей. Бойында қасиет қаны қайнап жатқан

қазалылық ақындар мектебінен тау тұлғалардың өсіп шығарына кәміл сенеміз. Себебі бұл елде Жетіскен Мәкеналы өмір сүрген. Көп жылдардан бері өлке тарихын зерттеумен айналысқан азамат ол. «Ортаймаған қазаны, қасиетті Қазалы» жинағы, «Тамыры терең, тарихы кенен – Қазалы» жинағының үш кітабы, «Асандар көтерілісі», Ғани Мұратбаевтың өмірі мен қызметі, жастарға рухани тәрбиесі туралы «Мен – Ғанимын», «Ғани тағылымы» атты жинақтары, «XXI ғасырға аманат» атты жыр кітабы жарық көрген адуынды ақын.

Қаза берсең қазына осы өлкеде. Қазалы ауданы жерінде Жалантөс пен Әйтеке, Жанқожа мен Ақтан, Ашабай мен Сырлыбай, Үмбет пен Ерімбет, Ғани Мұратбаев, Роза Бағланова мен Мәдина Ералиева т.б. танымал әйгілі батырларымыз бен би-шешендеріміз, өнер қайраткерлері дүниеге келген. Осы сабақтастықты пән сабақтарында санаға түйдіріп, оқушыға рухани тәрбие беруде алдына жан салмаған қазалылық ұстаз ақындардың шығар белеңі құзар шың ғана. Бұл із, өнерге салынған күре жол еш үзілмесіне кәміл сенеміз.

Айдар САЙЛАУОВ

Аянат Балғабайқызы:



АРМАНЫМДАҒЫ АМЕРИКАНЫ

Әлемдік білім беру жүйесіндегі үздік тәжірибелерді менгеру әрбір елдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуінде айықтық рөл атқарады. Бүгінде жастардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына жол ашатын түрлі бағдарламалар іске қосылуда. Шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігі мектеп оқушыларына да қарастырылған. Мәселен, 17 жастағы қызылордалық Аянат «FLEX» бағдарламасымен АҚШ-тағы Индиана штатында бір жыл білім алып, жұырда елге оралды. Бағдарлама, шетелдегі өмір және білім туралы толығырақ білу үшін кейіпкерімізбен әңгімелескен болатынбыз.

Аянат Балғабайқызы – Серғали Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің түлегі. Оның айтуынша, «FLEX» туралы 10-сыныпта естіп, қатысуға шешім қабылдаған.

– Аянат, «FLEX» бағдарламасы туралы айтып беріңізші. Іріктеу кезеңі қалай өтті? Ал ағылшын тілін қалай меңгердіңіз?

– Мектеп қабырғасына келіп, оқушы атанғаннан бастап ағылшын тілін үлкен қызығушылықпен оқыдым. «Қажырлы еңбек – табыс кілті» демекші, өмірімдегі жаңа бастамада ағылшын тілінің маңызы зор болды. «FLEX» бағдарламасында бақ сынадым, әрине, мұның барлығы уақыт пен үздіксіз дайындықты талап етті. Іріктеу 3 кезеңді құрады. Мен үшін қиындық тудырған – соңғы кезең. Себебі АҚШ-тан келген емтихан алушымен ойын ойнап, көшбасшы екенінді көрсету, жеке интервьюде шынайылығың мен айқын мақсатыңды жеткізу оңай емес. «FLEX» толықтай American Council демеушілігімен жүзеге асады. Сондықтан барлық шығын ұйымдастырушылар тарапынан төленді. Сондай-ақ толық грант иеленген соң, ай сайын шәкіртқа алады.

– Не үшін бұл бағдарламаны таңдадыңыз?

– Бағдарлама қатысушыларға Америка құрама штаттарының халқы мен мәдениетін танытуға, өзге елдің әдет-ғұрыптарын танысып, бастысы жаһандану дәуірінде сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Жастарға әсіресе менің құрдастарыма берері, үйретері көп. Өмірге тез үйренісуге, өз елінің мәдениетімен бөлісуге, өзге елдің

салтына үйренуге бағыттайтын әрі жарқын болашаққа бастайтын бағдарлама.

АҚШ-тағы тіршілік туралы айтыңыз. Жаңа ортаға бейімделу қиын болды ма?

– АҚШ, Индиана штаты, Fort Wayne қаласындағы Heritage JR/SR High мектебінде оқыдым. Алғашқы күннен-ақ барлығы ұнады. Жаңа ортаға тез бейімделдім. Негізінде мектеп таңдау құқығы берілмейді. Бірақ қажет жағдайда өзгертуге болады. Менде білім ордасын ауыстыру мәселесі туындамады. Мектептегі бірінші күнінен -ақ барлығымен тіл табысып, жақсы ортаның адамдарымен таныстым. Олардың арқасында керемет уақыт өткізіп, арманымдағы нағыз Американы көрдім. Әрине, өте жақын араласқан достарым да болды.

Ерекшеліктеріне тоқталсақ, өзінің мамандығына, бейімдеу қарай пән таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Бұл оқушының кәсіби дағдыларын арттыруға көмектеседі деп ойлаймын. Келесі ерекшелігі міндетті түрде түскі ас беріледі, барлық оқушыда жеке locker болады. Сынып емес, әр пәнне бөлек бекітілген аудиторияда дәріс өтеді. Спортзал толық қамтылған және маусымдық ойын түрлерімен еркін айналыса аласың. Бағдарламаның қатысушылары шетелдік отбасымен бірге өмір сүреді. Менің америкалық отбасым керемет жандар болды. Мені өз

КӨРДІМ

қыздарындай санады. Ешқандай шектеу қоймады. Жаңа ата-анаммен тығыз байланыс әрі жылы қарым-қатынас орната алдық. Олар кеңесімен бөлісіп, жаңа елге үйренісуіме көп көмектесті. Қаржылық жағынан да өте жақсы қамтамасыз етілді.

– Бір жыл аз уақыт емес...
– Шетелдегі 1 жыл уақыт мені тек жақсы жаққа өзгертті деп нық айта аламын. Өмірде кездесетін мәселелерді сабырмен шешу, қорқыныштыңыңды жеңу, көмектесуден және көмек сұраудан қашпауды, алға жүруден шаршамауды үйретті.

Америкадағы кезеңді тиімді пайдалана алдым. Екі спорт түрімен кәсіби түрде шұғылданып, сабақтарымы да жоғары деңгейде оқыдым. Оқу үлгерімім және 115 сағат волонтерлік жұмыс істегенім үшін марапатқа ие болдым. Мектеп қабырғасында өзімің жеке ұйымды құрдым. Белсенді жұмыстың нәтижесінде «Student of the Month» номинациясын жеңіп алдым.

Бағдарлама бойынша тағы да шетелде оқу мүмкіндігі берілсе, 1 жылда орындалған жұмыс пен керемет сәттердің ешқайсысын өзгертпейтін едім. Ал «FLEX» пен оқуға түскі келетін оқушыларға айтарым, өзіңізге сеніңіз және қорықпаңыз!

– Мектеп бітіруші түлексіз. Болашаққа қандай жоспарыңыз бар?

– «Алтын белгі» үміткері болған соң сынақтан жоғары балл жинап, бизнес және экономика бағытында өзімді дамытсам деймін. Алдағы уақытта шетелге оқуға түсіп, өмірімді сонда жалғастыру жоспарда бар.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Әлия ТӘЖІБАЙ

БИБЛИОКЛЕПТОМАНИЯ жайлы білесіз бе?

Қазақтың біртуар ақыны, халық жазушысы Қадыр Мырза-Әлі «Ұрлықтың бір ғана түрін кешуге болады, ол – кітап ұрлау» деген болатын. Дегенмен бұл жайды қалай қабылдау әркімнің көзқарасы мен ішкі мәдениетіне байланысты. Бүгінгі талқылайтын тақырыбымыз әлемге әйгілі «кітап қарақшысы» жайлы болмақ.

Клептомания – психология саласындағы қызықты құбылыс. Бұл аурудың түріне шалдыққан адамдарда ұсақ ұрлыққа деген құштарлық пайда болады. Аталған жағдай психологиялық ауытқудың бір түрі.

Ал библиоклептомандар – кітап ұрлаудан ләззат алатын адамдар. Дүние жүзіндегі кітапқа құштар оқырмандардың көп бөлігі дәл осы психикалық бұзылыстан зардап шегеді екен.

Кітап ұрлау қылмысы қай дәуірде де орын алғаны ақиқат. Бір қызығы орта ғасырларда Еуропадағы қоғамдық кітапхана сөресіндегі кітаптар шағынжырмен бекітілген деседі. Ұзындығы кітапты сөреден алып оқуға жеткілікті болғанымен кітапханадан шығуға мүмкіндік бермейді. Дегенмен бұл ереже XVIII ғасырға дейін ғана салтанат құрды. Себебі ол кезеңде кітап басылымы өте аз және кітаптың әрбір данасы алтынмен пара-пар еді.

Ал ұрлыққа қатысты жазасы ең қатаң болып саналатын Қытай халқы ежелден кітап ұрлаған адамды соттамайды, жазаға тартпайды. Ұры атаулының бармағын не қолын шабуға үкім шығаратын бұл ел «кітап ұрлығын білімге құштарлық» деп санаса керек.

Стивен Блумберг – әлемдегі нөмірі бірінші библиоклептоман. Ол 1948 жылы Сент-Пол қаласында дүниеге келген. Блумберг 45 штатта, Канаданың екі провинциясында және Вашингтонда орналасқан университеттер мен мұражайларда өз жоспарын үздіксіз орындап отырған. Нәтижесінде 20 жыл бойы 268 кітапханадан кітап тонаған ол 1990 жылдың 20 наурызында қамауға алынады.

Олжасуын үйінде мұқият жинаған Блумберг 23 600-ден астам сирек кітап пен 11 000-ға жуық көне қолжазбадан тұратын өз коллекциясын жасап шығарды. Ұрланған басылымдардың жалпы құны 20 миллион АҚШ долларын құраған. Бұл – тарихтағы ең ірі кітап ұрлығы.

Қызығы, Блумберг ойлаған жоспарын орындау үшін әртүрлі әдісті қолданған. Ол мекемеге кейде желдету жүйесі арқылы кірсе, кейде лифт шахтасы арқылы жоспарын іске асырған.

Аталған жағдайдың барлығы да Блумберттің кітапқа деген шектен тыс құмарлығы мен психологиялық нақты дәлелі еді. Десе де кейіпкеріміз «Кітап қарақшысы» ретінде атағы әлемге жайылып, ең табысты кітап ұрысы ретінде танылды.

Блумберттің қолға түсуіне оның досы Кеннет Дж.Родс себепкер. Заң өкілдерімен келіссөз



жасасқан ол 56 000 доллар сыйақы алу мақсатында досын құрықтап берді. Родс пен Блумберг 1970 жылдың ортасынан бері жақын дос еді. Атышулы қылмыскерлер бірнеше қаражат тонау операциясын бірге орындаған.

Сонымен, 1991 жылы Блумберг кінәлі деп танылып, 200 000 доллар айыппұл аркалап, 4 жылға бас бостандығынан айырылды. 1995 жылы 29 желтоқсанда түрмеден босатылды. Дегенмен ауру қалса да өдет қалмайды. 1997 жылы ол антиквариат ұрлығы үшін қайтадан қамауға алынды.

Блумберттің мұндай сирек кітаптар мен қолжазбаларға қалай қол жеткізгенін мамандар әлі түсінбей дал. Қызығы, оның коллекциясында Гарриет Бичер-Стоудың «Том ағайдың кабинасы» туындысының алғашқы басылым көшірмесі, киелі кітаптың 16 ғасырдағы басылымы, сондай-ақ бұзау терісінен тігілген «Нюрнберг хроникасының» 1493 жылғы түпнұсқасы сақталған.

Сотта қорғаушылары оның кітапқа деген сүйіспеншіліктен зардап шеккенін дәлелдеп шықты. Бұл психикалық ауытқу Стивенді сирек басылымдар мен кітаптарды іздеу үшін жыл сайын Америка мен Канаданы аралауға мәжбүр еткен. Детективтер оның бірде-бір кітапты сақтап, жеке кітапханасында мұқият сақтағанына таң қалды. Неліктен кітап тонады деген сұраққа Стивен еш ойланбастан «мұны өз пайдам үшін емес, тек сирек кездесетін кітаптарды сақтау, оларды мемлекет меншігіне өтуіне жол бермеу және қарапайым америкалықтардың құнды жазбаларға қол тигізу бақытынан айыру үшін жасадым» деп жауап берген.

«Кітапты өртегеннен де асқан қылмыс бар. Ол – кітап оқымау» дейді америкалық жазушы Рэй Брэдбери. Ал кітапқа деген асқан құштарлықпен оны ұрлау қылмысқа жата ма? Сіз қалай ойлайсыз, қадірлі оқырман?

Аружан ОРАЛБАЙ

ҒЫЛЫМ МЕН ҒАРЫШ

Әлем – жұмбақ дүниелерден құралған. Ғалымдардың жер туралы да, ғарыш кеңістігіне қатысты ашқан ғылыми жаңалықтары да аз емес.

Ғаламды миллиондаған атом құрайды. Галактика, жарқыраған жұлдыз және планета. Сондай-ақ ғалам үдемелі түрде кеңейіп, өз аумағын шексіз де шетсіз етуін жалғастыруда. Әлі өз шешімін таппаған теория көп. Олар тереңнен зерттелмей, әлі ашылмаған сандық іспеттес жабулы күйінде қалуда. Бұл мақаламызда ғылым саласындағы қызықты ашылуларды талқылайтын боламыз.

Электромагнитті сәулелену. Танымал фантастикалық фильмдердің көбінде электромагнитті сәулелену – кейіпкерлердің жанын алатын, супер қаһармандарға айналдыратын немесе оларды уақытты ауыстыра алатын, болашаққа не болмаса өткен уақытқа қайта алатын жұмбақ күш ретінде көрсетеді. Мұның шын мәні неде?

ЭМС – бұл фотондардың, жарықты құрайтын элементар бөлшектердің ағындары. Фотондардың толқын ұзындығы мен жиілігі айтарлықтай өзгереді, сол себепті ғалымдар фотондарды жеке электромагниттік диапазондар бойынша жіктеуі қажет болады.

Адамның көзі электромагниттік спектрдің өте аз бөлігін ғана көре алады. Бұл – көрінетін сәулелену немесе оптикалық диапазон деп аталады. ЭМС-

тің көп бөлігі бізге көрінбейді. Бұған, мысал ретінде, радиотолқындар, рентген сәулелері, инфрақызыл сәулелерді жатқыза аламыз.


Жарық жылы. Астрофизикада жарық жылы – жарықтың вакуумдағы кедергісіз жолдың бір жылда өтетін қашықтығы. Жарықтың абсолютті жылдамдығы, яғни вакуумдағы электромагниттік толқындардың таралу жылдамдығы тұрақты болғандықтан, жарық жылы шамамен 9,46 триллион шақырым болатынын есептеу қиын емес.

Түсінікті болу үшін: күн сәулесі жер бетіне 8 жарық минутта, 20 жарық секундта жетеді, ал бізге ең жақын жұлдыз – Альфа Кентаврға дейінгі қашықтық 4,37 жарық жылы. Егер біз жер бетінен айға сәулесі қатты жарық жағатын болсақ, ол 1,24 жарық секундтан кейін

ғана айға жетеді. Ал Марсқа дейін жердің бетінен жағылған сәуле 3 жарық минуты, 28 жарық секундында жетеді.

Қараңғы энергия. Қазіргі заманның космологиялық теорияларына сәйкес, біздің ғалам барлық бақыланатын объектілерді құрайтын 5% бариондық материядан, 25% ауырлық күші арқылы жазылған қараңғы материяның және жалпы көлемі 70%-ды құрайтын қараңғы энергиядан тұрады.

Бұл ұғым Эйнштейннің «қателік» деп есептеген теориялық зерттеулерінің нәтижесінде пайда болды. Ол теориялық зерттеулердің нәтижелері қажетті нәтижеге сәйкес келуі үшін теңдеулеріне



ғалым бұл бүкіл әлемде біркелкі таралып отыратын, өзгермейтін энергия тығыздығы деп ойлайды.

Қараңғы энергия ауырлық күшінен басқа қарапайым заттармен мүлде әрекеттеспейді. Сондай-ақ бүкіл бақыланатын ғаламның шамамен 68,3%-ын құрайды. Бұл материяның немесе энергияның басқа түрлеріне қарағанда әлдеқайда көп.

Әлем әлі тереңнен талдау мен анықтауларды қажет етеді. 2023 жылдың нәтижесі бойынша ғарыш небәрі 5%-ға зерттелген. Жердің бетін түгел зерделеп болмадық. Десе де гравитациясыз кеңістік туралы пайымдаулар да өз ретінде әлем ғылымының жетілуіне өз үлесін қоса бермек.

Қорлан САРЫ